

Арнайы тері және аралас аяқ киімді пайдалануға арналған жаднама-нұсқау.

1. Аяқ киімді аяқ өлшемі мен табанның жеке ерекшеліктерін ескере отырып, толықтығы бойынша дұрыс таңдау қажет. Өлшеген кезде аяқ киім қандай да бір қолайсыздықтар жасамауы және табанды қыспауы тиіс.
2. Аяқ киімді пайдалану оның маусымдық арналымына сәйкес іске асырылуы тиіс, тері аяқ киім су өткізбейтін болып табылмайды (мысалы, резеңке немесе поливинилхлоридтен жасалған аяқ киім сияқты). Үсті нғыз теріден жасалған аяқ киімінің су өткізуі өндірістік ақау болып табылмайды, себебі тері гидрофильді материал болып келеді. Егер белгілі бір модельге терінің ылғалға төзімділігі туралы нұсқау (арнайы құраммен өңделген) берілмеген болса, онда беткі тері қабатының ылғалмен жаснасқанда бұзылуы (қабаруы, қабыршақтануы) өндірістік ақау болып табылмайды және аяқ киімді сатушыға қайтаруға негіз бола аламайды.
3. Аяқ қатты терлегенде немесе аяқ киім дымқылданғанда іш жағының боялуы мүмкін. Ұлтарақтан немесе аяқ киім төсемесінен МЕМСТ 940-81 кесімдегендей бояудың аздап шығуы өндірістік сипаттағы ақау болып табылмайды. Ұлтарақ пен төсеменің боялын тоқтату үшін киер алдында аяқ киім күтуге арналған арнайы құралды пайдалану қажет.
4. Аяқ киімді үздіксіз киюдің жол берілетін уақыты 9 сағаттан аспауы тиіс.
5. Аяқ киімді ұзақ пайдалану үшін келесі амалдарды орындау қажет:

- жаңа аяқ киімді киер алдында арнайы су өткізбейтін құраммен өңдеу және тазалау қажет. Түзілген қабат 10-12 сағат бойы кебуі тиіс, қорғаныс қабат тек сол уақыттан соң ғана қорғаныс функциясын орындайды. Таңертең аяқ киімді тағы майлау керек – бұл жолы силикон құрамдас құралмен.

- киіп болғаннан және жұмыстан кейін аяқ киімді үсті мен астының материалдарын бүлдіріп алмай кірден тазалап, сүртіп, ашылған қалыпта желдету және кептіру үшін жылытқыш құралдардан 30 см кем болмайтын қашықтықта желдетілетін жай ішіне қалдыру қажет.
- аяқ киімді органикалық еріткіштермен тазалауға жол берілмейді; аяқ киім үнемі, бірақ аптасына бір реттен сиретпей аяқ киім кремімен майлануы тиіс.
- аяқ киімді пайдаланған кезде аяқ киім үсті мен табанының қиылуына жол бермеңіз, ол аяқ киімнің қорғаныс функциясының төмендеуіне әкеледі; аяқ киімді киген кезде бауын шешу, молния бекіткішін, түймелерін ашу және үнемі аяқ киім киюге арналған қалақты (артқы жағы мыжылмас үшін) қолдану қажет.

Сақтау мерзімі: Қоймада сақтау мерзімі 1 жыл, егер сақтау талаптары сақталған болса.

Сақтау талаптары: Аяқ киім қойма жайында +14° С-ден төмен емес, және +25° С-ден жоғары емес температурада және ауаның салыстырмалы ылғалдығы 50-80 % жағдайда сақталады. Аяқ киім сақтау процесінде тікелей күн сәулесінен, булар, газдар, химиялық заттар әсерінен қорғалған болуы тиіс, және жылу шашатын құралдардан кем дегенде 1 м қашықтықта болуы және механикалық әсерлерге ұшырамауы тиіс.

Кепілді пайдалану мерзімі берілген күннен бастап 70 күн, егер пайдалану және аяқ киімді күтіп ұстау ережелерін сақталған болса.